

Ақсуат ауылының тарихы

Ақсуат- біздің ауылдың аты. Ауыл жанынан Ақсуат өзені ағады.Ақсу атаулы өзен, елді мекен, аудан аттары, қала аты республикамыздың әр облысында кездеседі. Сонымен қатар, туысқан түркі халықтарында да жиі ұшырайды.

Зерттеушілердің пікірінше: «Ақсу» атауы судың ақ түсін білдірмейді, оның ағынынан, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді. Ауылдағы қариялардың айтуынша: «Ақсуат» атауының негізгі мағынасы судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне байланысты қойылған.